

2018-2019 оқу жылында С.Сейфуллин ҚазАТУ ректоры бекіткен «Жұмыс берушілердің дәрістер оқу жоспары» шеңберінде, 2018 жылдың 9-16 қараша аралығында техникалық факультеттің «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасында магистранттар, докторанттар мен оқытушылар үшін жұмыс берушілермен семинарлар өткізілді.

Семинарға «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМК «Стандарттау орталығы» басшысы Е.В.Цхай, «Техникалық реттеу, стандарттау, сертификаттау және метрология республикалық академия» ЖШС директорының орынбасары Д.Н.Тоғанасова қатысты.

Жұмыс берушілермен жасалған қарым-қатынас қатысушыларға мол ақпарат берді. «Стандарттау туралы» Заңның ережелерін түсіндіру», стандарттау жөніндегі ұлттық органның қызметін ұйымдастыру, нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу», «ҚР-дағы техникалық реттеу» атты дәрістердің тақырыптық мазмұны өзекті сипатқа ие болды, онда қарастырылған сұрақтар тыңдаушылардың қызығушылығын тудырды. Білім алушылар өз пікірлерімен бөлісіп, көптеген сұрақтар қойды.

Жұмыс берушілермен кездесу барысында магистранттар, докторанттар мен оқытушылар өз ой-өрістерін кеңейтуге мүмкіндік алып, алған білімдерін Қазақстан Республикасының өркендеуі үшін пайдаланады.

